

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 желтоқсандағы N 1556 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 25 қараша N 1251. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.27. N 238 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы автомобильдік өткізу бекеттерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 желтоқсандағы N 1556 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

3 - тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы автомобильдік өткізу бекеттерінің тізбесінде:

3 - тармақта:

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Қарасу Жамбыл облысы";

мынадай мазмұндағы он екінші абзац:

"Қарасу Жамбыл облысы" алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар, Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы министрліктері, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі көп жақты қатынас үшін "Қарасу" халықаралық өткізу бекетінің ашылғаны туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен мүдделі шетелдік мемлекеттер өкілдіктерінің назарына жеткізсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі